

## Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қалалық мәслихатының 2010 жылғы 23 шілдедегі № 26/4 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық әділет басқармасында 2010 жылғы 6 тамызда № 5-1-149 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қалалық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 34/5-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қалалық мәслихатының 23.12.2014 N 34/5-V шешімімен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес, Өскемен қалалық мәслихаты **ШЕШІТІ:**

1. Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу Ережесі бекітілсін.
2. Өскемен қалалық мәслихатының шешімдері қосымшаға сәйкес қүші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*E. Әкімбаев*

*B. Головатюк*

Өскемен қалалық мәслихатының  
2010 жылғы 23 шілдедегі  
№ 26/4 шешімімен бекітілген

# **Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу Ережесі**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі (бұдан әрі – Ереже) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес өзірленді және аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілейді.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге;

**4) алынып тасталды - Өскемен қалалық мәслихатының 23.01.2014 № 26/2-V шешімімен.**

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Өскемен қалалық мәслихатының 2012.11.22 № 11/4-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) шешімімен; өзгеріс енгізілді - Өскемен қалалық мәслихатының 23.01.2014 № 26/2-V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Тұрғын үй көмегі тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызмет көрсетулердің ақысын төлеуге жеткізушилдер ұсынған шоттар бойынша көрсетіледі.

Коммуналдық қызметтерді жеткізушилдер уәкілетті органға табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісілген коммуналдық қызметтерге тарифтерді, олардың өзгерістерін ұсынады.

Тұрғын үй көмегін есептеу кезінде қызмет көрсетушілермен ұсынылған жылудың шығындалуы тұрғын үй алаңының әлеуметтік нормалары шегінде есепке алынады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Өскемен қалалық мәслихатының 23.01.2014 № 26/2-V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

## 2. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі

4. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат уәкілетті органға немесе "Шығыс Қазақстан облысының № 1 халықта қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына және оның филиалдарына өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының не мекенжай анықтамасының көшірмесі;
- 4) отбасының табысын растайтын құжаттар. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган белгілейді;
- 5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;
- 6) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттары;
- 7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;
- 8) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;
- 9) алынып тасталды - Өскемен қалалық мәслихатының 23.01.2014 № 26/2-V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Өскемен қалалық мәслихатының 2012.04.12 № 3/6-V (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгерістер енгізілді - 2012.11.22 № 11/4-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 23.01.2014 № 26/2-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) шешімдерімен.

5. Тұрғын үй көмегін алушылар өтініш жасаған тоқсанның алдындағы тоқсанға 4 тармақтың 4) - 8) тармақшаларында санамаланған құжаттарды қоса берумен тоқсан сайын өтініш береді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Өскемен қалалық мәслихатының 23.01.2014 № 26/2-V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. Уәкілетті органның шешімі тұрғын үй көмегін беруге негіз болып

табылады.

7. Қайталанған өтініш кезінде тұрғын үй көмегі ағымдағы тоқсанда құжаттарды ұсыну мерзімінен тәуелсіз тоқсанға тағайындалады. Егер ағымдағы тоқсанда құжаттар ұсынылмаған жағдайда тұрғын үй көмегін есептеу өтініш берген айдан бастап жүзеге асырылады.

8. Тұрғын үй көмегі барлық қажетті құжаттарымен бірге өтініш берген айдан бастап тағайындалады. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін құжаттар ағымдағы тоқсанның соңғы айының 25-не дейін қабылданады.

Жергілікті жылумен жылдытылатын жеке тұрғын үйлерде тұратын отбасыларға тұрғын үй көмегі жылына бір рет өтініш берген айдан тәуелсіз тоқсанға тағайындалады.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді- Өскемен қалалық мәслихатының 2012.11.22 № 11/4-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) шешімімен.**

9. Көмірдің құнын есептеу үшін тұрғын үй көмегін есептеген тоқсанның алдындағы тоқсанның соңғы айындағы жағдай бойынша қалалық санақ және ақпарат басқармасымен ұсынылған қала бойынша орташа баға қолданылады.

10. Тұрғын үй көмегін алуға келесі отбасылардың құқылары жоқ:

1) жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үйі (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үй-жайларын жалға берген;

2) құрамында жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органда тіркелмеген тұлғалары бар, келесі тұлғаларды қоспағанда:

бірінші және екінші топтағы мүгедектерді, 18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларды, сексен жастан асқан тұлғаларды күтетін тұлғаларды, үш жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен айналысатын аналарды;

3) құрамында занды некеде тұрған, бірақ жұбайының тұрғылықты жерін білмейтін (көрсетпейтін) және осы мәселе бойынша құқық қорғау органдарына өтініш жасамаған тұлғалары бар;

4) егер ата-аналары ажырасқан және өздерімен бірге тұратын балаларына алимент өндіру туралы талап бермеген болса.

11. Отбасының жұмыссыз мүшелері ұсынған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, өз еркімен қоғамдық жұмыстарға қатысады, оқуды немесе қайта оқуды тоқтатқан отбасылар жұмысқа орналасуды, оқуды және қайта оқуды қайта бастағанға дейін тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады.

12. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, электр жүйесімен, газбен қамтамасыз етуге, лифттерге қызмет көрсетуге арналған шығыстар өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға орта есеппен ескеріледі. Сумен қамтамасыз ету, су бұзу, жылу энергиясы, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару,

телекоммуникация қызметтері үшін шығыстар қызмет көрсетушілердің тарифтері бойынша ескеріледі.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Өскемен қалалық мәслихатының 23.01.2014 № 26/2-V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

13. Жылу энергиясын тұтынуды есептеу құралдары бар тұтынушылар үшін есептеуге алынатын шығындар алдыңғы тоқсанға нақты шығындар бойынша немесе қызметтер толық көлемде көрсетілген соңғы тоқсанға есептеу құралдарының көрсеткіштерінің негізінде анықталады. Сәуір айында есептелінетін шығындар, сәуір айының шоттарына сәйкес нақты шығындар бойынша алынады.

Суық және ыстық сумен қамтамасыз етуді, газбен қамтамасыз етуді тұтынуды есепке алу құралдары бар тұтынушылар үшін есептеуге алынатын шығыстар алдындағы тоқсан үшін нақты шығындар бойынша анықталады.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - Өскемен қалалық мәслихатының 2012.04.12 № 3/6-V (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

14. Үйлерде орталықтандырылған жылу болмаған жағдайда жылу мен ыстық сумен қамтамасыз етуге төлем мөлшері электр энергиясына есептелген сомадан әлеуметтік нормаларға сәйкес есептеледі.

15. Құрамында зейнеткерлер, мүгедектер, мүгедек балалар, толық жетімдер, қамқорлықтағылар, төрт және одан да көп кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар отбасыларды қолдау мақсатында тұрғын үй көмегін есептегендегі кіріс Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен уақыттың сәйкес кезеңіне белгіленген екі айлық есептік көрсеткішке түзетіледі (кемітіледі).

16. Тұрғын үй көмегін тағайындаған кезде келесі шарттар қолданылады:

1) өтініш беруші заңды некеде, бірақ зайдыбы сол мекен-жай бойынша тіркелмеген болса – ерлі-зайдыптылардың екеуінің де табыстары есептеледі және тұрғын үй көмегі туралы өтініш берген зайдыбының мекен-жайы бойынша тағайындалады;

2) өтініш берушінің үйінде ата-ана құқығынан айырылмаған және басқа жерде тіркелген ата-анасы бар 18 жасқа дейінгі бала тіркелген жағдайда – өтініш беруші ол баланың ата-анасының табыстарын растауы тиіс.

16-1. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 жұмыс күні ішінде уәкілетті органды өз тұрғын үйінің меншік нысанының, отбасы құрамының, оның жиынтық табысы мен мәртебесінің кез келген өзгерістері туралы хабардар етеді. Өтініш берушілер ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

**Ескерту. Шешім 16-1 тармақпен толықтырылды - Өскемен қалалық мәслихатының 2011.06.09 № 33/7 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң**

қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

17. Тұрғын үй көмегінен негізсіз алынған соммалар алушымен ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда заңнамамен белгіленген тәртіпте қайтарылуға жатады.

### **3. Тұрғын үй көмегінің мөлшері және тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері**

18. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - Өскемен қалалық мәслихатының 23.01.2014 № 26/2-V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

19. Отбасының шекті жол берілетін шығыстарының ұлесі отбасының жиынтық табысына қарай 9 % мөлшерінде белгіленеді.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - Өскемен қалалық мәслихатының 2012.11.22 № 11/4-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. караңыз) шешімімен.**

**20. Алынып тасталды - Өскемен қалалық мәслихатының 2011.06.09 № 33/7 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

21. Тұрғын үй көмегінің мөлшерін есептеу кезінде келесі нормалар ескеріледі :

1) алаңдар:

жалғыз тұратын азаматтар үшін – 35 шаршы метр;

2 адамнан тұратын отбасы үшін – 45 шаршы метр;

3 адамнан тұратын отбасы үшін – 55 шаршы метр;

4 және одан артық адамдардан тұратын отбасы үшін – әрқайсысына 15 шаршы метрден, бірақ 90 шаршы метрден артық емес;

2) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға арналған шығыс – 1 шаршы метрге 25 теңге;

3) айна 1 адамға газ шығыны – 6,5 кг.;

4) бір айға электр энергиясын тұтыну – әр тұратын адамға 90 кВт, жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер үшін – 120 кВт. Теплофондар арқылы жылытылатын тұрғын үйлер үшін 1 шаршы метрді жылытуға электр энергиясының шығыны есептеледі – айна 38,9 кВт;

5) тұрғын үй құрылышының жалпы ауданының 1 шаршы метріне көмірдің

шығыны – 129,8 кг, бірақ бір үйге 5000 кг артық емес.

Ескерту. 21-тармақта өзгерістер енгізілді - Өскемен қалалық мәслихатының 2012.04.12 № 3/6-V (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2012.11.22 № 11/4-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 14.03.2013 № 15/4-V (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

#### **4. Тұрғын үй көмегін төлеу**

Ескерту. 4 бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Өскемен қалалық мәслихатының 2012.04.12 № 3/6-V (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

22. Тұрғын үй көмегін төлеу тоқсанына бір рет екінші деңгейдегі банктер арқылы алушылардың жеке есеп шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады. Алушы өтініште жеке сәйкестендіру нөмірін, жеке есеп шотының реквизиттерін көрсетеді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - Өскемен қалалық мәслихатының 2012.04.12 № 3/6-V (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

23. Алынып тасталды - Өскемен қалалық мәслихатының 2012.04.12 № 3/6-V (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

24. Алынып тасталды - Өскемен қалалық мәслихатының 2012.04.12 № 3/6-V (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

#### **5. Қорытынды ережелер**

25. Осы Ережелермен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

Өскемен қалалық мәслихатының  
2010 жылғы 23 шілдедегі  
№ 26/4 шешіміне косымша

#### **Өскемен қалалық мәслихатының күші жойылған шешімдерінің тізбесі**

1. Өскемен қалалық мәслихатының "Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже" 2005 жылғы 3 наурыздағы № 12/4 (құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2223 нөмірімен тіркелген, 2005 жылғы 26 наурыздағы № 30 – 31 "Дидар" газетінде, 2005 жылғы 19 наурыздағы № 42 – 43 "Рудный Алтай" газетінде жарияланған) шешімі.

2. Өскемен қалалық мәслихатының "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже" 2005 жылғы 3 наурыздағы № 12/4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 21 маусымдағы № 34/3 (құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-1-63 нөмірімен тіркелген, 2007 жылғы 26 шілдедегі № 88 – 89 "Дидар" газетінде, 2007 жылғы 28 шілдедегі № 113 "Рудный Алтай" газетінде жарияланған) шешімі.

3. Өскемен қалалық мәслихатының "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже" 2005 жылғы 3 наурыздағы № 12/4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 29 қарашадағы № 3/5 (құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-1-73 нөмірімен тіркелген, 2007 жылғы 25 желтоқсандағы № 156 "Дидар" газетінде, 2007 жылғы 22 желтоқсандағы № 190-191 "Рудный Алтай" газетінде жарияланған) шешімі.

4. Өскемен қалалық мәслихатының "Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже" 2005 жылғы 3 наурыздағы № 12/4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 17 сәуірдегі № 6/9 (құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-1-83 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 15 мамырдағы № 63 "Дидар", № 72 "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) шешімі.

5. Өскемен қалалық мәслихатының "Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже" 2005 жылғы 3 наурыздағы № 12/4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 10 шілдедегі № 8/7 (құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-1-88 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 29 шілдедегі № 101 "Дидар", № 113 "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) шешімі.

6. Өскемен қалалық мәслихатының "Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже" 2005 жылғы 3 наурыздағы № 12/4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 18 ақпандығы № 13/6 (құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-1-104 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 12 наурыздағы № 32 "Дидар", № 34-35 "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) шешімі.

7. Өскемен қалалық мәслихатының "Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже" 2005 жылғы 3 наурыздағы № 12/4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 24 сәуірдегі № 15/8 (құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-1-113 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 3 маусымдағы № 82-83 "Дидар" газетінде, 2009 жылғы 4 маусымдағы № 84-85 "Рудный Алтай" газетінде жарияланған) шешімі.

8. Өскемен қалалық мәслихатының "Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже" 2005 жылғы 3 наурыздағы № 12/4

шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 20/7 (құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-1-130 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 15 ақпандағы № 22 "Дидар" газетінде, 2010 жылғы 13 ақпандағы № 21 "Рудный Алтай" газетінде жарияланған) шешімі.

9. Өскемен қалалық мәслихатының "Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже" 2005 жылғы 3 наурыздағы № 12/4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 23/11 (құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-1-142 нөмірімен тіркелген , 2010 жылғы 27 мамырдағы № 66 "Дидар" газетінде, 2010 жылғы 26 мамырдағы № 66 "Рудный Алтай" газетінде жарияланған) шешімі.